

БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 11 желтоқсан

№ 305

Степногорск қаласы

город Степногорск

### Комиссияны құру туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 19-тармақшасын, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын орындау үшін **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Алтын белгі» үміткеріне, мектеп бітірушілердің үздік аттестатына үміткерлердің құжаттарын тексеру жөніндегі қалалық комиссия келесі құрамда құрылсын:

Оспанова А.К. - ББ басшысының орынбасары, комиссия төрайымы;

Подшивалова Н.А. - білім бөлімінің әдіскері, комиссия мүшесі;

Щербина В.А. - білім бөлімінің әдіскері, комиссия мүшесі.

2. Тексеру пункттерінің тізбесі бекітілсін (1-қосымша).

3. Білім беру ұйымы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары комиссияға бекітілген Тізбеде көрсетілген барлық құжаттаманы ұсынсын.

4. Комиссия мүшелері 2021 жылғы 30 қаңтарға дейінгі мерзімде «Алтын белгі» үміткеріне, 2021 жылғы түлектердің үздік аттестатына үміткерлердің құжаттарын тексеру нәтижелері бойынша анықтама дайындасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

Білім бөлімінің басшысы



*(Signature)*  
С. Шабаров